

ҚАРАӨТКЕЛДІҢ ҚАЙСАР КҮРЕСКЕРІ

6-БЕТ | РУХАНИЯТ



ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІК ӨРШІП БАРАДЫ

8-БЕТ | МӘСЕЛЕ



«АБАЙ АРМАНЫ» МЕН ШЫРАҒДАНЫ

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір. Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

№113
(4857)
Бейсенбі
25 қыркүйек
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АЗИЯДА – ҮШІНШІ

2025 жылғы Дүниежүзілік бақыт туралы есепке (World Happiness Report) сәйкес, Қазақстан Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы ең бақытты үш елдің қатарына енді.

Қазақстан Азия бойынша үшінші орынды иеленіп, бақыт деңгейі жоғары елдер қатарынан берік орын алды. Көрсеткіштер әлеуметтік қолдау, таңдау еркіндігі және сыбайлас жемқорлықты қабылдау деңгейі сияқты критерийлер бойынша жоғары бағаланды. Бұл Қазақстанда өмір сүру сапасы мен экономикалық даму қатар жүріп жатқанын көрсетеді. 2025 жылғы Азиядағы ең бақытты елдер рейтингі: 1. Тайвань; 2. Сингапур; 3. Қазақстан; 4. Вьетнам; 5. Таиланд; 6. Жапония; 7. Филиппин; 8. Оңтүстік Корея; 9. Малайзия; 10. Қытай. Наурыз айында ТМД ішінде Қазақстан ең бақытты ел ретінде танылған еді.



2-3

БҰҰ ЖАҢА ЖАҒДАЙҒА БЕЙІМДЕЛУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы аясындағы Жалпы дебатта сөз сөйледі. Президенттің сөзі 24kz, Jibek Joly арналарынан және Ақорда әлеуметтік желілердегі парақшаларынан Астана уақытымен сағат 21:30 шамасында тікелей эфирде көрсетілді. Мемлекет басшысы БҰҰ сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келе жатқанын айтты.

ЗЕЙНЕТКЕРГЕ – ТӨЛЕМ

Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы Қарттар күніне орай елордалық зейнеткерлерге 9830 теңге көлемінде біржолғы төлем бөлінетінін мәлім етті.

Қаржылай көмек жасына байланысты зейнетақы алатын зейнеткерлерге, оның ішінде ең төменгі зейнетақы алатын және елордада тіркелген қарттарға беріледі.

«Астана мәслихаты бекіткен әлеуметтік көмек көрсету қағидаларына сәйкес, әлеуметтік көмек біржолғы ақшалай төлем түрінде 2,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі» деп хабарлады Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы ұсынған ресми деректерге сәйкес, Астанада Қарттар күніне орай 100 мыңнан аса зейнеткер ақшалай көмек алады.

ЖЫЛУ ҚАШАН БЕРІЛЕДІ?

Астана қаласының әкімдігі жылу қашан берілетінін мәлім етті.

«Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына, Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы №249/36-V шешімімен бекітілген қаладағы жылыту маусымын дайындау және өткізу қағидаларына сәйкес, елордада жылыту маусымы сырттағы тәуліктік орташа ауа температурасы +10 °С және одан төмен деңгейде қатарынан бес тәулік сақталған жағдайда басталады» деп жазылған хабарламада.

27-28 ҚЫРКҮЙЕК

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Онда Алматы, Жетісу және Маңғыстау облыстарының ауылшаруашылық тауар өндірушілері Астанаға өнім әкеледі. Жәрмеңке «Қазанат» ипподромының автотұрағында (Қарқаралы тасжолы, 1) сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін өтеді.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Елордада Жұмысшы мамандықтар жылы аясында Astana Tourism туризмді дамыту орталығы ұйымдастырған ауқымды кәсіптік бағдар беру жобасы жалғасып жатыр.

Жоба аясында мектеп оқушылары мен колледж студенттеріне жұмысшы мамандықтары туралы сөзбен айтып қана қоймай, елорданың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының жұмысы тікелей көрсетіліп, таныстырылады. Жұмысшы мамандығын насихаттауға бағытталған бағдарламамен 120-дан астам мектептің 7-11-сынып оқушылары мен 20 колледждің I курс студенттері қамтылды. Сәуір айынан бері экскурсияларға 3 мыңнан астам жасөспірім қатысты, ал жыл соңына қарай бұл көрсеткіш 12500-ге жетеді деп жоспарланған. Жоба жыл соңына дейін жалғасады.



№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі

БҰҰ БҮГІНГІ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ САЙ БОЛУЫ КЕРЕК

ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті Президент! Қадірлі Бас хатшы! Құрметті делегаттар! Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді. Осы жылдар аралығында ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды. Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын. Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік. Әйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз. Халықаралық құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды. Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады. Осы орайда Біріккен Ұлттар ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек. Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудан басталуға тиіс. Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек. Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санайды. Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады. Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс. Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді. Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет. Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру. Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды. Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді. Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қаруландуды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады. 2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарақтандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады. Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз. Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл – жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны. Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз. Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз. Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы. Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді. Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді. Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес. Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз. Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады. Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз. Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды. Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық. Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді. Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды. Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр. Алайда мұндай алауыздық – тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы. Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді. Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды. Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмәнкүдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады. Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

Құрметті әріптестер! Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағыны на қатысты саяси сыңаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз. Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды. Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді. Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады. Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз. Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады. 2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі. БҰҰ Бас хатшысы мен ұйымға мүше мемлекеттер қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды. «Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр. Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады. Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды. Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

ҚҰРМЕТТІ ДЕЛЕГАТТАР!

Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал. Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді. Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әре-



кетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық. Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады. Дегенмен Каспий теңізі күннен-күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды. Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді. Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет. Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады. Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз. Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

ҚЫМБАТТЫ ДОСТАР!

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады. Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек. Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс. Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет. Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды. ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі. Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір. Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды. Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады. Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін. Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет. Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

Ханымдар мен мырзалар! Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз. Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды. Жалпыұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді. Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз. Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым. Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру. Бұл реформалардың басты қағидасы: заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек.

Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз. Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды. Заңды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі. Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді. Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі. Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз. Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады.

Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады. Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декарбонизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес. Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі. Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады. Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

Жоғары Мәртебелі! Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз. Қазақстан араағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік. Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.





ГЕОСАЯСИ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

ДОНАЛЬД ТРАМППЕН СӨЙЛЕСТІ

Нью-Йорк қаласына сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дональд Трамппен сөйлесті. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың перспективті бағыттарына ерекше назар аударылды. Дональд Трамп экономика және сауда салаларындағы ықпалдастықты кеңейтудің маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ президенттер халықаралық ахуалға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

БҰҰ БАС ХАТШЫСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысымен кездесу өткізді. Қазақстан Президенті мен Бас хатшы Антониу Гутерриш БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясының күн тәртібін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан ұйымға алдағы уақытта да қолдау көрсетіп, оның бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту, орнықты даму ісінде жетекші рөл атқара беруіне белсенді түрде атсалысатынын айтты. Кездесу аясында Мемлекет басшысының және Бас хатшының қатысуымен Алматыдағы Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі Өңірлік орталығының қызметі туралы меморандумға қол қойылды.

ДИПЛОМАТИЯҒА НАЗАР АУДАРДЫ

БҰҰ Бас Ассамблеясының 80-сессиясы алаңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Зеленскиймен кездесті. Мемлекеттер басшылары екіжақты экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Владимир Зеленский Украинадағы жағдайға байланысты көзқарасын жеткізді. Қазақстан Президенті осынау аса күрделі ахуалға қатысты пікір білдіріп, қақтығысты тоқтату мақсатында дипломатиялық жұмыстарды жалғастыру қажет екеніне назар аударды.

УАҒДАЛАСТЫҚҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропалық Кеңес президентімен келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті Еуропалық Кеңес басшысы Антониу Коштаға ілтипат білдіріп, Қазақстан ұйыммен екіжақты негізде, сондай-ақ С5+ форматы аясында серіктестікті арттыруды берік ұстанатынын жеткізді. Әңгімелесу барысында Қазақстан мен Еуропа Одағы арасында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды ілгерілетуге бағытталған саяси диалогтың қарқынды дамып келе жатқаны айтылды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Антониу Кошта халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады. Кездесуде өзара тиімді өңіраралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды жалғастыру жөніндегі уағдаластыққа қол жеткізілді.

ФРАНЦИЯ ПРЕЗИДЕНТІМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Франция Президенті Эммануэль Макронмен кездесіп, екіжақты ынтымақтастықтың жай-күйін талқылады. Қазақстан басшысы Франция еліміздің Еуропа Одағындағы басты әрі сенімді серіктесі саналатынын атап өтті. Президенттер осыған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтар түрлі салада, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау бағыттарында айтарлықтай табысты іске асырылып жатқанына тоқталды. Мәдени-гуманитарлық байланыстар жемісті дамып келеді. Қазақстан мен Франция президенттері өзекті геосаяси мәселелер жөнінде пікір алмасты.

АҚШ – ІРІ ИНВЕСТОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йорктегі жұмыс сапары яасында АҚШ-тың ірі бизнес өкілдерінің қатысуымен өткен «дөңгелек үстел» отырысына қатысып, сөз сөйледі. Президент Қазақстан мен АҚШ-тың кеңейтілген стратегиялық серіктестігі қарқынды түрде дамып келе жатқанына назар аударды.

«Біз Американы маңызды серіктестеріміздің бірі санаймыз және сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенімізді растаймыз. Америка Құрама Штаттарының да осы стратегиялық ұстанымды қолдайтыны қуантады. Оған Президент Дональд Трамппен 2024 жылы желтоқсан айында болған әңгімелесу барысында көз жеткіздік. Біз Президент Трамппен тағы да мазмұнды әңгіме жүргіздік. Ол үшін ризашылығымды білдіремін. Қазақстан Президент Трамптың прагматикалық дипломатияны алға тартуын, Еуропа мен Таяу Шығыстан бастап Азия мен Африкаға дейінгі қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуге ықпал ету ісіндегі рөлін жоғары бағалайды. Оның конструктивті позициясы мен нақты нәтижеге қол жеткізуге айрықша мән беруі жаһандағы жіктелу ушыққан кезеңде шиеленістің бәсеңдеп, диалогтың артуына ықпал етуде. Мақсат-міндеті айқын мұндай батыл әрі табанды әрекет халықаралық деңгейде мойындауға лайық. Біздің ойымызша, бұл ұстанымдар ертең өтетін БҰҰ-ның Жалпы дебатында ұйымға мүше мемлекеттердің назарына ұсынылуы керек. Құрама Штаттар Қазақстан экономикасына 100 миллиард доллардан астам қаржы құйған ірі инвестор саналады. Екі ел экономикалық ықпалдастықта зор жетістікке жетті. Біз мұны мақтан тұтамыз. Қазір елімізде 630-дан астам американдық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Chevron, ExxonMobil, Boeing, Visa, Mastercard, Meta, Wabtec, Citibank секілді танымал брендтер бар» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫНА ҚҰРМЕТ

Астаналық спортшылар Ливерпульде (Ұлыбритания) бокстан өткен 2025 жылғы әлем чемпионатында алтын медальдар жеңіп алды. Сол жеңімпаздарды қала әкімі Жеңіс Қасымбек арнайы қабылдады.

Бәйгеден озып келген елордалық спортшылардың бірі Санжар Тәшкенбай екі дүркін әлем чемпионы атанды. Санжар алғаш рет 2023 жылы 19 жасында 48 кг салмақ дәрежесінде әлем чемпионатын жеңіп алған еді, екі жылдан кейін бұл жетістігін Ливерпульде 50 кг салмақта қайталап отыр. Ал екінші дарынды спортшы Айбек Оралбай өз есімін Қазақстан спорты тарихында алтын әріптермен жазды. Ол әлем чемпионатында суперауыр салмақта ел тарихындағы тұңғыш алтын медальді жеңіп алды. Нәтижесінде еліміз жалпы есепте бірінші орынға шығып, 7 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды.

– Спортшыларымыз намысты қолдан бермей, керемет нәтиже көрсетті. Олар өз үлгісімен еңбектің, тәртіптің және өзіне деген сенімнің үлкен жетістіктерге апаратынын көрсетті. Бұл жетістіктерге бапкерлерінің де қосқан үлесі зор. Астана ылғи да спортты қолдап, талантты спортшыларымыздың дамуына жағдай жасап келеді. Мәселен, қаламызда Бокстың дамыту орталығы бар, ал биыл Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешені пайдалануға берілді. Сіздерді осы жеңістеріңізбен тағы да шын жүректен құттықтаймын! Алда сіздерге үлкен табыстар, жаңа жетістіктер мен биік белестер тілеймін! – деді әкім.

Кездесу барысында қала басшысы елордада спортты дамыту, талантты жастарды әлемдік додаларға дайындауда қарқынды жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді. Сондай-ақ әлем чемпиондары Санжар Тәшкенбай мен Айбек Оралбайға 30 миллион теңгеден сыйақы табыстады.

«АЛТЫН БАРЫС» ТАБЫСТАЛДЫ

Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің төрағалығымен өткен алқалы жиында елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлесін қосып келе жатқан қос азаматқа Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты мен «Алтын Барыс» төсбелгісі табысталды.



Бұл марапаттарға Президент жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, саясаттану ғылымдары докторы Зұлфухар Ғайыпов және Астана қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы, халық қалаулысы Кендебай Адамбек ие болды.

– Қоғамның, мемлекеттің мызғымас бірлігін сақтайтын, елдің дамуына өз үлесін қосатын, қоғамда өзіндік орны бар тұғырлы тұлғаларды қоғам қайраткері ретінде қадірлеп, төрден орын ұсынатынымыз тағы рас. Міне, осындай азаматтардың қатарында екі азаматымыз да бар. Соның ішінде белгілі ғалым, саясаттанушы, мемлекетшіл менеджер Зұлфухар Сұлтанұлы – елге қалтқысыз қызмет қылып, мемлекет дамуына аянбай үлес қосып келе жатқан бедел биігіндегі азамат. Қоғам қайраткері ретінде танылған тұлғаның мемлекетшілдік, ұлтжандылық қасиеттерін әріптесі ретінде қоғамдық қызметтегі белсенділігінен де байқап келеміз, – дейді Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Кәрімбек Құрманәлиев.

ҮЗДІК ҰСТАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Елордада «Үздік педагог-2025» республикалық байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздары анықталды.

II кезең қорытындысы бойынша «Үздік педагог-2025» республикалық байқауының жеңімпазы болғандар:

• №71 мектеп-лицейдің математика пәні мұғалімі Жүніс Октябрина;

• Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейдің математика пәні мұғалімі Қайрат Батырбек;

• Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бакина Биғожина;

• М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі Рағдагүл Рахымжан;

• Жоғарғы транспорт және коммуникация колледжінің арнайы пәндер оқытушысы Дина Айкимбаева;

• Бауыржан Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейдің орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аяужан Түрекенова;

• Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының физика пәні мұғалімі Нұрбек Имаков;

• №97 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі Айжан Нұрғазина;

• №93 мектеп-лицейдің химия пәні мұғалімі Гүлмира Оспанова;

• Дарынды ұл балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының химия пәні мұғалімі Құралай Жанасова.



ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН БА?

Елорда аумағында 33 мыңға жуық жеке тұрғын үй бар, оның 22600-і пеште көмірмен жылыту арқылы жылытылады, 10400-і орталық газбен жабдықтау желісіне қосылған. Бұл туралы елорданың коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында Астана қалалық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Бабаев мәлім етті.

Спикердің айтуынша, өрттің алдын алу және азайту мақсатында департамент жыл сайын жылыту маусымына дайындық жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді, оны іске асыру биыл 15 тамыздан 2026 жылғы 20 сәуірге дейін жүзеге асады.

Жоспарды іске асыру басталғаннан бастап бірінші кезекте профилактикалық іс-шаралар халықтың әлеуметтік осал топтарының тұрғылықты жерлері бойынша жүргізіледі. Алдын алу аулаларды аралау жолымен жүзеге асады, оның аясында тұрғындарға жадынамалар тапсырылады және пешті жылыту мен электр желілерін ұстау-пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптары түсіндіріледі.

Әлеуметтік қорғау басқармасының берген ақпаратына сәйкес, 765 әлеуметтік осал топтағы отбасы есепке алынды. 132 үйде көміртегі тотығы датчиктері орнатылды, қалған 268 үйде сыртқы тексеру және батареяларды ауыстыру жүргізілді.

– 15 тамыздан бастап жылыту кезеңіне дайындық шеңберінде 3133 үй профилактикалық аралаумен қамтылды, 8000-ға жуық бұзушылық анықталды (олардың ішінде 24%-ы жылыту жүйелеріне және 35%-ы электр энергиясына қатысты), оның 2150-і сол жерде жойылды, – дейді Ғабит Бабаев.


ЕРІКТІЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАСЫ

Бас қалада тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүруде. Осы мақсатта түрлі профилактикалық іс-шаралар – кездесулер, акциялар, дәрістер ұйымдастырылып жатыр.

Солардың бірі қала көшелерінде өтті. Іс-шараны Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы ұйымдастырды. Волонтерлер астаналықтарға лудомания проблемасының өзектілігін тағы бір мәрте еске салды. Адам көп жиналатын орындарда тұрғындарға лудоманияның алғашқы белгілері және оның адам өміріне тигізетін кері әсері туралы ақпарат жазылған буклеттер таратты.

– Біз кезекті рет қала тұрғындарына ақпараттық брошюралар таратпақ. Онда құмар ойындардың психологиялық және қаржылық зияны, тәуелділіктің алғашқы белгілері, сондай-ақ көмекке қайда жүгінуге болатыны көрсетілген. Жастар мен ересектердің тәуекелдер туралы білгенін, тәуелділікті дер кезінде танып, тоқтата алуын қалаймыз. Мақсатымыз – ойынға тәуелділіктен ада, салауатты әрі жауапты қоғам қалыптастыру, – деді «Астана жастары» ЖРО-ның маманы Алуа Балтабаева.

Волонтерлердің айтуынша, ойынға тәуелділік адамдарды кедейлікке, банкроттыққа әкеліп қана қоймай, олардың психикалық денсаулығын, туыстарымен және отбасымен байланысын да бұзады. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да құқықтық ағартушылық шараларын жалғастыратынын, қоғамда лудоманияның зиянды әсерін барынша көп адамға жеткізуді көздейтінін атап өтті.



ТҰРҒЫНДАР ШАҒЫМЫ ЖЕДЕЛ ҚАРАЛАДЫ

Астана қаласында азаматтардың өтініштерін қарау сапасын арттыру мақсатында енгізілген омниканалды қабылдау жүйесі тиімділігін көрсетіп отыр. Жыл басынан бері аталған жүйе арқылы тұрғындардан 14500-ге жуық шағым мен өтініш қабылданды. Оның ішінде 100-ден аса бейнеқоңырау, 14400-ге жуық SMS-хабарлама тіркелген.

Астана қалалық Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, өтініштердің басым бөлігі заманауи сервистер – чат-бот, Egov порталы, Kaspi және Halyk қосымшалары, Telegram арқылы келіп түсті. Азаматтар өз сұрақтары мен ұсыныстарын телефон қоңырауы, мобильді қосымша, ресми интернет-порталдар және әлеуметтік желілер арқылы жолдай алады. Барлық түскен өтініш бірыңғай жүйеде тіркеліп, жедел қаралады. Мәселен, Есіл ауданында орналасқан Түркістан көшесінің бойында жол қозғалысы ережесін бұзған «Kia» автокөлігіне қатысты қала тұрғынының шағымы түсті. Полиция қызметкерлері жедел әрекет етіп, оқиға орнын тексерді. Нәтижесінде көлік иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

ӘР ТАМШЫСЫ – БАЙЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Су мәселесін шешу – әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі. Суды есепке алу технологиясы әбден ескірген. Суды бөліп тарататын орындарда қазіргі заманға сай құрылғылар жоқ. Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызы бар ресурс, сусыз өмір жоқ. Сондықтан бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс» деп атап көрсеткен еді.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Президент бұл түйткілді бірінші рет көтеріп отырған жоқ. 2023 жылғы Жолдауында да ол суды тиімді пайдаланудың ел тағдыры үшін қаншалықты маңызды екенін баса айтқан еді. «Су үнемдеу – алдымызда тұрған аса маңызды стратегиялық міндет. Бұл мәселеге қатысты цифрландыру жұмысын жүргізу өте өзекті. Оны қарқынды түрде жүзеге асыру керек. Шындығын айтсақ, қазіргі жағдай жалпы мәз емес» деп жұртшылықты барынша үнемшілдікке шақырып, құзырлы мекемелерге нақты шаралар қабылдау қажеттігін ескерткен-тұғын.

Осы үндеуден кейін көп уақыт өтпей-ақ мемлекет деңгейінде шешуші қадамдар жасалды. Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылып, саланың жүйелі дамуына серпін берілді. Бұған дейін әр салаға бөлініп кеткен су шаруашылығының міндеттері енді бір орталықтан басқарылады. Жаңа министрлікке трансшекаралық өзендерден бастап ауылдық жерлердегі су құбырларына дейінгі мәселелерді кешенді шешу тапсырылды. Бұл – судың ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қарастырылып отырғанының айқын дәлелі. Сонымен қатар жаңа Су кодексінің қабылдануы да маңызды бетбұрыс болды. Бұрынғы заңнамалық нормалар заманауи талаптарға жауап бермейтін, су қорын пайдаланудағы олқылықтарды жойып, нақты жауапкершілікті жүктеуде әлсіз болатын. Жаңа құжатта су ресурстарын есепке алу, бөлу, қорғау және пайдалану тәртібі анық көрсетіліп, цифрлық технологияларды міндетті түрде енгізу мәселесі заңдық тұрғыдан бекітілді. Бұл судың әр литрі мемлекет бақылауында болуы тиіс деген ұстанымды бекіте түсті.

Тағы бір маңызды бастама – Қазақ ұлттық су шаруашылығы және ирригация университетінің ашылуы. Кадр даярлау ісі бүгіннің ең өзекті мәселесіне айналып отырғаны жасырын емес. Су саласында білікті маманның тапшылығы көптен бері айтылып келеді. Жаңа оқу орны осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталды. Университет заманауи зертханалармен жабдықталып, шетелдік тәжірибені меңгерген оқытушыларды тартуға басымдық беруде. Мемлекет грант санын екі есеге ұлғайтып, су мамандарын даярлауға айрықша қолдау көрсетіп отыр.

Бұл реформалардың барлығының түпкі мақсаты – Қазақстандағы су саясатын түбегейлі өзгерту, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, ең бастысы – болашақ ұрпаққа жеткілікті су қорын сақтау. Су – жай ғана табиғи ресурс емес, елдің экономикасын өрге сүйрейтін, аграрлық сектордың өнімділігін арттыратын, өнеркәсіпті ілгерілететін, қала мен ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартатын негізгі тірек. Сондықтан Мемлекет басшысының су мәселесін әр Жолдауда қайталап көтеруі – уақыт талабы әрі стратегиялық көрегендік.

Еліміздің жүрегі – Астана қаласы су тапшылығының нақты мысалын көрсетіп отыр. Соңғы 20 жылда елорданың халқы екі еседен артық көбейді. Қалада бүгінде 1,4 миллионнан астам адам тұрады. Жыл сайын жаңа тұрғын үй кешендері бой көтеріп, өндіріс орындары ашылып, инфрақұрылым қарқынды дамып келеді. Бірақ бұл өсім суды тұтыну көлемін бірнеше есеге арттырды.

Астана географиялық тұрғыдан суға бай аймақта орналаспаған. Қала, негізінен, Есіл өзеніне және оған жалғас жасанды су қоймаларына тәуелді. Алайда климаттың өзгеруі, жауын-шашынның азаюы, өзен суының тартылуы елорданы сумен қамтуға айтарлықтай қысым түсіріп отыр. Әсіресе жаз айларында суға деген сұраныс күрт өсіп, сумен жабдықтау жүйесінде ақаулар жиі байқалады. Мәселен, сарапшылардың есебінше, Астана тұрғындары тәулігіне орта есеппен 350-400 мың текше метр ауыз су тұтынады. Бұл көрсеткіш қала халқы көбейген сайын өсе береді. Қала әкімдігі алдағы 10 жылда бұл көлем екі есеге дейін артуы мүмкін деп болжауда.



Демек, жаңа су көздерін іздеу, барын үнемдеу – ертеңнің емес, бүгінгі міндеті.

Астанадағы жағдай су саясатын түбегейлі өзгерту қажеттігін айқын көрсетіп отыр. Біріншіден, су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – басты басымдық. Көпқабатты үйлерде суды есептеу құрылғыларының бірыңғай жаңа үлгісін орнатып, «ақылды есептегіштерді» енгізу қажет. Бұл тек суды үнемдеуге ғана емес, халықтың төлем жүйесін әділ жүргізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, қалаға қосымша су көздерін тарту мәселесі күн тәртібінен түспеуі тиіс. Жаңа су қоймаларын салу, Есіл өзенін тереңдету, жаңбыр суын жинақтау жүйесін енгізу – болашақтағы дағдарыстың алдын алатын шаралар. Үшіншіден, цифрландыру арқылы су инфрақұрылымының әр буынын бақылау қажет. Қаланың қай бөлігінде судың көп шығындалып жатқанын, қай жерде құбырлардан ағып жатқанын, қай аумақта қысым жеткіліксіз екенін нақты көрсететін жүйелерді іске қосу – қазіргі заман талабы.

Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов 2025 жылғы 12 мамырда Мәжілісте Астанада болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында үш ірі жобаның жүзеге асып жатқанын мәлімдеген болатын.

«Бірінші жоба – №4 сүзгілеу-сорғы станциясы мен Сәтпаев атындағы су құбырының құрылысы. Ол тәулігіне 200 мың текше метр ауыз су өндіруге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жоба-смета құжаттамасы әзірлену үстінде. Екінші жоба – Нұра жерасты су көзінен су құбырының құрылысы. Ұзындығы 67 км болатын бұл су құбыры тәулігіне қосымша 38 мың текше метр су жеткізуді қамтамасыз етеді. Ал үшінші жоба – «Тельман» сорғы станциясынан техникалық су құбырының құрылысы. Жобаның құны – шамамен 17,6 млрд теңге. 2025 жылы жергілікті бюджеттен 3,2 млрд теңге бөлінеді» деді ол.

Сондай-ақ Президенттің тапсырмасы бойынша Астана су қоймасы 55 жылдан кейін алғаш рет тазартылды. Биыл Астана су қоймасынан 50 мың тонна лай шығару жоспарланған. Бұл жұмыстар қазан айының соңына дейін жалғасып, жыл сайын 13 жыл бойы жүргізіледі. Нәтижесінде Астана су қоймасының сыйымдылығы 47 млн текше метрге артады.

Астанадағы су тапшылығы – Қазақстанның су саясатына кешенді көзқарас қажеттігінің айғағы. Егер елордада сумен қамтуда қиындықтар туындап отырса, өзге аймақтардағы жағдайдың қаншалықты күрделі екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан Президенттің Жолдауда айтқан бастамалары – уақытылы әрі стратегиялық шешім. Су – ұлттық қауіпсіздіктің кепілі, халықтың денсаулығы мен тұрмыс сапасының негізі. Ендеше суды басқару ісін кешіктірмей реформалау – мемлекет үшін ең маңызды міндеттердің бірі.



АРДАГЕРЛЕР ӘРҚАШАН САПТА

Астана қаласының Сарайшық аудандық ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің I конференциясы өтті. Конференцияның жұмысына «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Сансызбай Есілов, Сарайшық ауданы әкімінің орынбасары Шұғыла Құдайберген, Астана қаласы мәслихатының депутаты Мәдина Әжікенова, Amanat партиясы қалалық филиалының өкілі Әбдіғали Базылханұлы қатысты.

Сарайшық аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Омархан Бірімжан конференцияны ашып, ардагерлер ұйымдарының осыған дейін атқарған жұмысы туралы айтты.

– «Ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық мұра құндылықтары арқылы патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және өткізу» атты Астана қаласы ардагерлер кеңесінің 2025 жылға бағытталған жоспарына сәйкес, Сарайшық ауданының ардагерлер кеңесі ардагерлер ұйымдарының рөлін көтеру және беделін арттыру мақсатында көптеген іс-шараның легін жүзеге асырды. Мысалы, екінші жартыжылдықта Сарайшық ауданының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында Астана күніне арналған аудан ардагерлері мен жастардың арасындағы шахмат турнирі ұйымдастырылды. Жүлдегерлерге дипломдар мен естелік сыйлықтар, турнирге қатысушыларға алғыс хаттар табыс етілді. Шахмат турнирі салтанатты жағдайда өтті, – деген ол бұдан басқа да бірқатар іс-шараға тоқталып өтті.

Одан соң қатысушыларды конференцияның күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Сарайшық ауданы ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің конференция отырысында аудандық ардагерлер кеңесінің құрамын сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясының құрамын сайлау, аудандық ардагерлер кеңесінің төралқасын сайлау, аудандық ардагерлер кеңесінің тұрақты комиссияларын құру туралы және аудандық ардагерлер кеңесінің бастауыш ардагерлер ұйымы туралы ережені бекіту мәселелері қаралды. Аталған негізгі мәселелер тыңдалып, талқыланды. Дауыс беру қорытындысы бойынша конференция қаулысы қабылданды. Сарайшық ауданы ардагерлер кеңесінің құрамына 25 мүше сайланды.

Айта кетейік, бүгінде Сарайшық ауданында 12 мыңнан астам зейнеткер тұрады, оның ішінде 48-і – соғыс жылдарындағы тыл еңбеккері.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЖАҢАНДЫҚ ҮРДІС

Елордадағы Жастар сарайында Мемлекет басшысының биылғы Жолдауын талқылауға арналған жиын өтті. Іс-шараға Сенат депутаты, қоғам қайраткері Бибігүл Жексенбай арнайы келіп, Жолдауда белгіленген басым бағыттар мен олардың ел дамуындағы маңызы жөнінде баяндады.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиын барысында қатысушылар мемлекеттік саясаттағы жаңа бастамалардың жүзеге асу жолдарын, әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті мәселелерін талқылап, пікір алмасты. Кеш спикері Бибігүл Жексенбай алдымен жас таланттарды қолдауға арналған ерекше мәдени орда – Жастар сарайының жарты ғасыр бойы елорда тұрғындарының сүйікті мекеніне айналған ғимарат екенін, өнер мен шығармашылықты дамыту орталығы болып қана қоймай, елімізге танымал өнерпаздардың алғашқы қадамын бастауға септік еткен алаң болғанын атап өтті. Сондай-ақ Жолдаудағы басым міндеттерге, соның ішінде цифрландыру мен жасанды интеллектіні қоғамның түрлі саласына енгізу бойынша тапсырмаларға бөлек тоқталды.

– Астана қаласы цифрландыру жұмыстарын жүргізу бойынша алдыңғы шепте. Өзімнің сайлауалды бағдарламамда «Ақылды қала – ыңғайлы өмір кепілі» деген бағыт әзірлеген едім. Бүгінде елордадағы көптеген қызметтің 70 пайызына жуығы цифрландырылған жүйе арқылы іске асырылуда. Басқа өңірлерге қарағанда елорда бұл бағытта нақты бір нәтижелерге қол жеткізуде. Қызметтердің басым бөлігін электронды түрде алып жүрміз. Қаламызда жол-көлік саласындағы «ақылды» бағдаршамдардың орнатылуы, коммуналдық қызметтердің цифрландырылуы біздің жайлы әрі қауіпсіз өмірімізді қамтамасыз етіп отыр. Цифрландыру су үнемдеу, көгалдандыру жұмыстары бойынша да жандана түсті, – деді сенатор.

Одан әрі Б.Жексенбай Жолдауда Президент көтерген Астанаға көшіп келушілер санының көптігі мәселесіне тоқталды. Оның айтуынша, қалаға жылына 60-70 мың адам көшіп келеді. Бұл, әрине, инфрақұрылымдық, инженерлік желілерге күш түсіруде. Осыған орай, бір пәтерге жергілікті жері бойынша тіркеу санын шектеу туралы тапсырма берілді.

– Тағы бір бағыт – мәдениет пен өнерді қолдау. Бұл ретте Президент осы саланы қолдау ұлттық болмысымыздың кепілі екенін атап өтті. Астана – тек әкімшілік орда ғана емес, мәдениет пен инновацияның тоғысқан қаласы. Өзім 2001 жылы Астанаға көшіп келгенімде әлі сол жағалау салынбаған, ел көлеміндегі барлық ірі іс-шаралар да, халықаралық деңгейдегі өнер жұлдыздарының концерті де осы Жастар сарайында өтетін. Одан кейінгі 24 жылда қаламыз қарыштап дамып, қазір әлемдік стандарттарға жауап беретін мәдениет ошақтары көбейді. Елордада жылына 500-ден астам мәдени-бұқаралық іс-шара өтеді екен. Бұл – Қазақстан бойынша ең жоғары көрсеткіш. Соның ішінде сіздердің де үлесіңіз зор, – деді депутат.

Жиынға қатысушылар тарапынан «ЖИ-дің дамуы жұмыссыздықты көбейтпей ме?» деген сұрақ қойылды. Сенат депутатының айтуынша, бұл Қазақстан сияқты халық саны аз елдер үшін аса қауіпті емес, жасанды интеллектіні дамыту Қазақстанда өндірісті күшейтіп алу үшін өте қажет болып отыр. ЖИ бүкіл әлемде қарқынды дамып жатқандықтан, Қазақстан да сол үрдістен тыс қала алмайды. Сондықтан депутат, қаласақ та, қаламасақ та енетін болғандықтан, ЖИ-дің теріс әсеріне жол бермеу үшін жоспарлы түрде, жақсы дайындықпен, елімізге тиімді болатындай етіп дамыту қажеттілігі туындап отырғанын атап өтті.

№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі

САРЫАРҚА САҢЛАҚТАРЫ

Айгул УАЙС

ҚАРАӨТКЕЛДІҢ ҚАЙСАР КҮРЕСКЕРІ

Осыдан отыз бес жыл бұрын ұлттың намысты азаматтары атқа қонып, ел болашағы үшін аянбаған күндері газетіміздің беттерінде хатталып, тарихта қалды. Өзгенің тілі үстемдік құрған ортада өзінің қазақ екендігін ұмытуға айналғандардың жыртысын жыртып, көкірегі байланған орыс-қазағына туған тіліміздің ұлылығын ұқтырып, оның мерейінің үстем болуына күшін салған азаматтардың әрқайсысы құрметке лайық.



Елсілдің тар кешуі Қараөткелде туғанын, ана тіліміз деп ұран салған, Сарыарқаның саңлақтарының бірі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері жазушы, публицист Алдан Смайыл. Тек қана тіліміздің мәйегін шайқап қоймай, қазақы дәстүріміздің, әсем әніміз бен күмбірлеген күйіміздің Арқаның төрінде шалқып, жүректерді тербеуіне күш салған күрескерлік үнін 11 мың данамен таралған «Қараөткел» атты газет арқылы жеткізіп отырды.

Сол жылдары шаһар тұрғындарының 17 пайызын ғана құрайтын ағайынға арнап қазақ тілінде газет шығару тыңға түскен түрендей үлкен оқиға болатын. Солтүстіктің көксүңгі мұзын жарып, «Тіл және мәдениет» қоғамын құрып, «Қараөткелін» оқырманына ұстатқан Алдан Смайылдың ерлікке бергісіз сәттер туралы «Ақмола ақиқаты» газетінде берген сұхбатында былай дейді: «Қоғам Ақмола қаласы мен облысындағы ұлтты ояту мақсатын шындап қолға алған бірден-бір ықпалды күшке айналды. Ал қоғам не үшін керек болды десек, оған бірауыз сөзбен жауап беру қиын, себеп сан алуан. Соның ең негізгілерін атасам: біздың игеру жылдарында жаппай жабылған қазақ мектептерін қайта ашуға, ұмытылған және тыйым салынған ұлттық дәстүрді, суалуға айналған халықтық өнерді, жұтаған тарихты жаңғыртуға тиіс болдық. Онсыз қазақ жұрты ел болудан қалатын еді. Алғашқы кезеңде барлық күш-жігер осы мақсаттарға жұмылдырылды. Ертелі-кеш үй-үйді жағаладық, ата-аналарын үгіттедік. Бірі құлақ асты, бірі көнбеді, тіпті бұл әрекетімізді зиянкестік деп түсініп, үйінен қуып шыққандар да кездесті».

Мінеки, жанкештіліктің арқасында 1989 жылы Қоғамның белсенді мүшелері әрбір қазақ отбасын аралап, балаларын қазақ тілді балабақша мен мектептерге беруге үгіт-насихат жүргізіп, өтініштер жинайды.

Мәселе осымен шешілсе жақсы ғой, сол кездегі Білім басқарма басшысы шовинист Еговцев деген үй аралап жүріп, қол жинаған, барлық өтініштерді жыртып тастап, «маған ешқандай өтініш түскен жоқ» деп бет бақтырмаған. Содан қайта бір жеті ішінде қол жинап, қалалық атқару комитетіне тапсырып, қазақ сыныбын ашады. Нәтижесінде Ақмола қаласында 1988-89 оқу жылына №3, №8, №26 мектепте ал 1989-90 оқу жылына 11 қазақ сыныптары ашылып, №29 «Аққайың» балабақшасы таза қазақша тәрбие бере бастады. Ол кезде Ақмола қаласында жалғыз ғана Жамбыл атындағы №4 қазақ орта мектебі болды. Ал қазақша тәлім-тәрбие беретін бірдебір балабақша болмаған. Сол 1990-91 жылдары Ақмола облысының 17 ауданында, барлық ірі өндірістік кәсіпорындар мен мекемелерінде, Астана қаласының жоғары оқу орындары мен техникумдарында «Тіл және мәдениет» қоғамының филиалдары ашылып, ұлттық сана-сезімді тәрбиелеуде пәрменді іс-шаралар атқарды. Сол жылдары «Тіл және мәдениет» қоғамының жанынан қалалық студент-жастар «Парасат» ұйымы, Ақмола қалалық «Азат азаматтық» қозғалысы, «Мұсылман әйелдері Лигасы» сияқты қоғамдық ұйымдар қанат жайып, бірлесе жұмыстар тындырды. «Тіл және мәдениет» қоғамының бастамасымен Ақмолада қазақ музыкалық драмалық театрының ашылуына мұрындық болғанын айта кеткен жөн. Театрдың алғашқы көркемдік жетекшілігіне Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, белгілі режиссер Жақып Омаров шақырылған еді.

Алдан Зейноллаұлы тағы бір мақаласында Қазақстанның бірқатар облыстарында да, оның ішінде солтүстігінде қазақ мамандарының тұтқалы орындарда әлі аз екендігін айтып, өз ішіңнен шыққан ел басқарып отырған азаматтарға сын да керек, жігерін жанитын халықтық демеу де керек» деп халық пен билік арасындағы ынтымағының ұйытқысы болады.

Алдан Смайылдың осындай ортада ұлт мүддесін жоғары алып шығып, одан кейінгі жылдары да халыққа деген адал қызметінен танған жоқ. Түрлі лауазымды қызметтер атқара жүріп, 2007 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты болып сайланды. Тұңғыш көркем шығармасы «Тамыздың таңы» 1979 жылы жарық көрген. Одан кейінгі жылдары «Ақ жалын» (1982), «Найзақара», «Сағынтып келген көктем», «Арқаның Бетпақ деген даласы бар» деген повесть, романдарында адам мен қоғам, өмір мен өлім жайлы философиялық ой толғайды. «Астана ғасырлары», «Тұлға. Ұлт. Тағдыр» сонымен бірге бес томдық шығармалары және «Тәңір соты» повестер мен драмалық шығармаларының жинақтары шықты.


Әрине, тіл мәселесі қазір де өткір. Ол туралы Алдан Зейноллаұлы: «Қазақ тілі – шын мәнінде, мемлекеттік тіл тұғырына қонған жоқ. Конституциядағы орыс тілі «ресми тіл» болып есептеледі деген баптың салқынын әлі күнге сезіп келеміз. Қазір Мемлекет басшысы екі тілде сөйлейді, Парламент екі тілде сөйлейді, министрлер де екі тілде сөйлейді. Бірақ министрліктердің ішіндегі іс-қағаздары негізінен орыс тілінде толтырылады. Біз мемлекеттік тілге көшті деген министрліктердің бәрі толық көшкен жоқ. Осыны Парламент қабырғасында жүргенде екі рет тексергенбіз, сонда оған көзім жеткен. Қысқасы, бізге саяси батылдық қажет.

Екіншіден, бұған мемлекет кінәлі деп кесіп айтуға болмайды. Халықтың да кінәсі бар. Мысалы, өзім тұратын үйде жедел сатыға мінген ата-аналардың балаларымен тек орысша сөйлесетінін күнде көремін. Тіпті менің жасымдағы үлкендер де немересіне орысша тіл қатады. Солардың санасында: «Осы немеремді қазақша тәрбиелеп, өз ана тілінде оқытайын» десе, қолын кім қағады. Соның бәрі ұлттық намыстың кемдігінен» деп анығын айтады.

БАЛАЛЫҚ БАҚТЫҢ БАҒБАНЫ

журналист-жазушы Төлен Тілеубайдың «Түлкілітаудың аспаны» кітабын оқығаннан кейінгі ой...

Төлен Тілеубай – елімізге танымал публицист-журналист. Өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасынан бастап қаламын қолына алған, ақпарат майданында жүрген кәнігі жорналшы деуімізге толық негіз бар. Айталық, «Сана», «Ақжол, Қазақстан», «Жас қазақ үні», «Алтын орда», «Жас қазақ», «Астана ақшамы» секілді аймақтық-республикалық басылымдарда журналистік қызмет атқарған Төлен төрт кітаптың авторы. «Аласапыран Америка», «Тәуелсіздік – тұмарым», «Цифрлық жолайрық: Қазақстан газеттерінің бүгіні мен ертеңі» және төртіншісі «Түлкілітаудың аспаны» деп аталатын кітаптары Төленнің қаламгерлік қырын танытатын талай жылғы еңбегінің жиынтығы іспетті.



Бүгін біздің сөз еткелі отырғанымыз, осы төртінші кітабы – «Түлкілітаудың аспаны». Бұл – прозалық шығармалар жинағы. Бір повесть, үш әңгімеден құралған. Ұзақ жылдар журналист болып жүріп, жазушылыққа бет бұру – табиғи заңдылық. Өйткені жорналшы да – қаламгер, яғни ол да қолына қалам ұстап жазады, ойланады, толғанады. Кейіпкерлер іздейді, олардың өмірлік-тағдырлық болмыс-бітімін суреттейді, насихаттайды. Осы тұрғыдан келгенде алғашқы повестегі бас кейіпкер – Төленнің өзі. Автор өзінің балалық шағына саяхат жасаған. Мұндай шығармашылық үрдіс көптеген жазушыларда кездеседі. Мәселен, Бердібек Соқпақбаев, Мұхтар Мағауин, Шерхан Мұртаза, Сайын Мұратбеков, Оралхан Бөкей, тағы басқа қаламгерлер өзінің балалық шағынан керемет шедевр туындылар туғызған. Осы шығармашылық дәстүрді біздің Төлен де берік ұстанып, сонау алыста қалған балалық жылдарына ат басын бұрған екен. Әрине, қуанарлық, құптарлық жайт. Орыстың ұлы жазушысы Федор Достоевский: «Балалық шақтан қалған жақсы естеліктерің неғұрлым көп болса, соғұрлым сен бақыттысың» - дейді. Расында да балалық шақтың базарында адамның бар бақыты қалып қояды екен. Бүгінгі күннің, қазіргі өмірдің де түп-тамыры, бар қызуы сонда жатыр, сонан бастау алған.

Аталмыш хикаятта Әмір есімді бас кейіпкер шығарманың өн бойында арманшыл-қиялшыл, нәзік сезімімен өмір сүреді. Өз жүрегін тыңдап, сонан іс-әрекетке көшеді. Яғни, ақылды бала. Ұлт ұғымындағы «болар бала...». Әмірдің әлемін ашатын кішкене детальдар мен шағын штрихтардың барлығы да бір-бірімен тығыз байланысып, мөлдір лиризмге ұласқан. Лирикалық прозаның үстіңгі фонында табиғат үнемі тұрады және сол табиғат аясында бар іс-әрекет туындап жататын секілді. Повесть – Әмірлердің жаңа ауылға көшіп келуімен басталады. Оқиғаның негізгі өзегі осы жаңа ауылда, сонда өткен балалық шақта жатыр. Ауылда туған адамның қалада тұрса да бір бүйрегінде ауыл тұратыны сөзсіз. Кейінгі кезде бір тамаша ән шықты. Сөзі де керемет. «Ауылдан адам көшкенмен, Адамнан ауыл көшпейді» дейді. Әлгі бүйректе жатқан ауыл – осы ғой... Төлен де туған ауылын, сонда өткен балалық бал күндерін «Түлкілітауға» жинақтаған екен. Шығарма шынайы түрде оқырман қауымға түсінікті тілде жазылған. Қарапайым ауылдың тірлігі, сол кезеңнің нақты суреті көз алдымызға бірден елестеп, өзің де сол балалық шағыңа барып қайтқандай боласың.

Алты тараудан тұратын бұл хикаяттың тақырыптарының өзінен болар оқиғаның елесі көрінетіндей. Мәселен, 1. Ескі достармен қоштасу. Жаңа ауыл. Өзендегі оқиға. Көмір қораның тұтқындары. Әмір мектепке барады. Газет-журналдардың иісі. Ойыннан шыққан от. Тоқылдақ. 2. Түлкілінің түлкісі. Бүлдірген тере барғанда. Көмейдің құпиясы. Кежек атауы қайдан шықты? 3. Ананың алақаны. Сүйкімді күшік. 4. Сарыарқаның кіндігі қай жер? Әмір – шөп тиеуші. 5. Мен сағаң ғашықпын! «Лагерьден қашу» операциясы. 6. Сыныққшының сыры. Ауыл түтіні. Осылай тырналар тізбегіндей тақырыпшалар – үлкен өзенге жанжағынан жамырай қосылған жылғаларға ұқсайды. Бәрі жиылып, толық тақырыпты тудырып, тұтастық танытқан. Ауыл тақырыбы, сол ауылдағы балалықтың бал дәуренінен сыр шертетін шығарманың мазмұны тәлім-тәрбиеге толы. Бұған қоса, еңбектің екпінді майданы да ұрпақ тәрбиесіне өзіндік үлес қосқан. Әр эпизодтан сыршыл сезім, балаға тән періштелік аңсар-мұрат аңғарылады. Бала монологы мен түс көру тылсымын да өте сәтті қолданған. Туған жердің тартылыс күшін, даланың ыстық құшағын, ауыл адамдарының мейірбан жүрегін дәл көрсетіп, қаз қалпында бере білген. Олай дейтінім, біз де ауылда туып-өстік. Төлен айтып отырған осы кітаптың өн бойындағы барлық іс-әрекет басымыздан өткен. Мұның бәрі – бұрынғы кездегі ауылдың қарадомалақтарына тән табиғи құбылыс. Сонау Бердібек ағамыздың «Қожасынан» келе жатқан игі дәстүр десе де болады. Тек, әр автор оқырманға қалай жеткізеді? Мәселе – осында! Осы тұрғыдан келгенде, Төлен сол ауыл балаларына тән оқиғаларды қайталағанымен, өзіндік жол да таба білген. Мәселен, «тоқылдақ құру», «қораға қамалу», «лагерьден қашу» секілді іс-әрекеттер бұрынғы белгілі шығармалардан байқалмады-ау деймін...

«Түлкілітаудың аспаны» хикаятында басты орында тұрған үлкен мәселе – ұрпақ тәрбиесі. Ол – Сұраған әкенің ақылды әңгімесінен және Күлғайша ананың ерекше мейірімі арқылы көрінеді. Сонымен бірге балаларға табиғаттың да берер мүмкіндігі мол екендігін көрсеткен. Туған жер, кең дала, өзен-көл, тау мен орман секілді табиғат байлықтарының өзі адамға көп көңіл сыйлайтыны белгілі ғой. Табиғат аясындағы барша іс-әрекеттер адамды сұлулыққа, әсемдікке жетелейтіні бұл шығарманың негізгі өзегі іспетті. Шығармадағы алтын арқау – ауылдағы арманшыл жастың бірте-бірте өмір баспалдақтарынан көтеріліп, адамдық биіктерге қадам басуында десек, артық айтқандық емес. Болашаққа бастар адамдық жолға, кісілік сүрлеуге түсу үшін кейіпкер өз арман-ойымен алысқа сапар шегуге дайын. Қиялына қанат байлап, келешегінің заңғар көгіне самғағысы келеді...

Жинақ соңындағы «Ақбөкен жылаған түн», «Ақ көгершін», «Гүлсараның махаббаты» әңгімелері – табиғат және махаббат тақырыптарына арналған. «Ақбөкен жылаған түнде» табиғатқа деген адамдардың қатыгездігі мен мейірімділгі қабат өріледі. Заңсыз аң аулау, табиғат байлығын талан-таражға салған браконьерлерге қарсы қорықшылардың батыл іс-әрекеттері, дала жануарларына деген жүрек жылуы және осы жолдағы трагедиялық хал-ахуал айтылған. Тығырықтан шығу жолын іздеп шырылдаған жандардың қоғамға дабыл қағуы, билік пен медицина орындарының да осындайда халық жағынан көрінбейтінін жеткізе білген. Ал «Ақ көгершін» мен «Гүлсараның махаббаты» туындыларында қаламгер бір-бірін жақсы көрген жандардың, ғашық болған махаббат иелерінің асыл сезімге кей кезде тұрақсыздығын, ұлы сезім алдындағы дәрменсіздігін де тілге тиек етеді. Осы үш әңгіме арқылы табиғат пен махаббатқа жанашыр болуға, жауапкершілікпен қарауға шақыратын ізгі ой қалдырады қалың оқырманға.

Иә, сонымен, қаламгер Төлен Тілеубайдың «Түлкілітаудың аспаны» кітабы – балалық шақты бейнелейтін мөлдірлігімен, табиғи тазалығымен, ауылға тән қарапайымдылығымен, бозбала мен бойжеткен арасындағы іңкәр махаббат, сыршыл сезімдерімен ерекшеленетін еңбек екендігі сөзсіз.

Оқырман қауымның олжасына айналар жаңа жинаққа ақ жол, сәттілік тілеймін!

Әлімжан ЖАҚАН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Атам қазақта «зұлпықардай жарқылдап» деген сөз баяғыдан айтылып келеді. Түркі әлемінде Тұранның ұлы перзенттерінің бірі Бабыр бабамыз Үндістанда билік құрып тұрған кезінде Самарқан мен Хорезмде жасалған зұлпықар алдаспанды ала барыпты деген аңыз бар... Ислам әлемінде аса киелі «зұлпықар» алмас қылышы Алаш үшін де ерекше қастерлі, айрықша қадірлі болғаны ақиқат. Содан да үміт еткен перзент дүниеге келгенде қазақ атамыз қасиетті алдаспанның атын адам намына балай қоятыны тегін емес. Ондай есімге ие болған азаматтар да сол сұрапыл алдаспандай жарқылдап жан шуағына бөленгені тарих сілемдерінен қылаң береді.



ЗҰЛПЫҚАРДАЙ ЖАРҚЫЛДА...

Менің қырық жылғы досым – Зулфухар Сұлтанұлына да мұсылман атаулының жанына жақын, тамырынан қазақ ұлтының жадына таңбаланған сәулелі есімді атасы алқалы әулеті ішінде жеке-дара азан шақыра қоюы бекер емес...

Зулфухар жарық дүниеге аясы кең де ойлы жанарымен таңдана қарап, әлемге әз жүрегімен қуана күліп келгені зәу-затына аян. Қазақтың аса белді руының бірегейі, дулығалы дулаттан шыққан Қайып ақсақал ыстық құшағына алып, бауырына балапандай басып, сүйікті немересін сүйекті азамат болсын деп сәби кезінен баулығаны тағы рас. Арғы тегі алты Алашты аузына қаратқан әулие Төле бимен ұласып жатқан зиялы ақсақал немересі Зулфухарға ата-баба салт-дәстүрі мен байсалды мінезге, қажырлы еңбек пен қайратты сезімге қанықтырып өскені бесенеден белгілі.

Аруақты атаның тәлім-тәрбиесі ізсіз кеткен жоқ. Жастайынан қазақтың тегі мен тарихына қызығып, ерен елі мен жайық жеріне таңданып, бетегелі белі мен берекелі ерін білсем деп, алқалы жерде сөз сөйлеп, айдынды көлде жүзсем деп мектепте жүріп-ақ алыс арманына қол созды. Сол жастық шақтағы арман мінезге байыпты, шешімді сөзге байламды Зулфухар досымды асқақ Алатауы ару Алматыға асыға аттандырыпты.

О бастан жұлдызы оңынан туған, алдынан Алла мен аруақ қолдаған ұлықты ұл ҚазМУ-дың тарих факультетіне түсті. Ата тегіне тән білікті, тумысынан ілім қонған жас азамат білім алуға құштарлана ұмтылғаны шындық. Самал ескен сұлу Алатаудың гүлзарлы қойнауында тарих тереңіне құныға түсіп, студенттік шақтың ұмытылмас сәттері мен жастық қызуға толы тағдырдың талмауыт күндерін басынан риясыз өткерген-ді... Ол да жарқын жастық шақтың жалтылдаған дос-жаранға толы, айнымас қызығы мен басылмас құмары алға жетелеген өмірдің бір белесі екен.

Сұлу шаһар Алматыда жүрсе де жер жәннатындай Ақсу-Жабағылының етегіндегі Қасқасу ауылында балалық шақтың балдәурен күндері көз алдынан кетпейтін. Сол жерде мектепті үздік тәмамдап, туған ағасының соңынан арман қуып аттанса да, туған жерден кіндігін үзген емес. Айтқанынан айнымас Қайып атасы мен әке-шешесінің, бауырлары мен қарындастарының мейірімге толы жан шуағы санасын сағынышқа толтыратын.

Анасының қолын ұзартар келін түсіруге асығатын-ды. Еркін Шажаұлы мен Нұрсерік Кәрімұлы достарының ортасында Ақсудың арқарындай болып жүрген азамат Аймандай сұлуға сөз салған. Ақжайықтың ақ бекіресі мен қызыл шоқырын ғана жеп өскен еркетотай, суда жүзген жас сазандай сұлуды қолға құс қылып қондыруға бар өнерін салып баққан. ҚазМУ-дың тарих факультетінің оқу үздігі һәм белсенді студенті, ақынжанды Айман сұлуға қол жеткізу оңай емес-ті. Ақыры, ай маңдайлы ару Айманды қаршығадай ілген. Атыраудың ақ періштесін Қасқасудың келіні етіп, ауылында сызылтып шәй құйғызған күндері кеше ғана сияқты еді... Көп кешікпей туған-туыс пен достарды қуантып тізгінтартар» Рауан мен «ақшөнтай» Арай жарық дүние есігін ашқан. Уақыт зымыран зулап, жылдар жылжып, көзмоншақтай болып айналайын Шырай да шаңырақты шуаққа бөлей келді.

Бұл күнде талтүсінің табалдырығын аттаған азамат немерелерін сүйіп, өмір қуанышына кенеліп, көңіл қошына бөленіп, тағдыр тақтасында жорғадай тайпалып келеді. Оған куәгер өмір соқпақтарында жолыққан ғалым ағалары мен құрдастары, ұстаздық жолдағы шәкірттері мен қызметтес әріптестері, жолдас-жора мен дос-жарандары.

* * *

Еңбекпен өткен тағдыр жолы талмай ізденуден, парасатты білік пен терең білімнен құралыпты. Қаршадай кезінен ілім-білім қусам деген қайратты досым Зүкең – Зулфухар Сұлтанұлы сол межеден бір мысқал түспепті. Ғылым көкжиегінде іргелі ізін қалдырып, тарих пен саясаттану саласында сындарлы соқпағын салып келеді.

Ол – күрті-күрті құмдай күрделі қоғам иірімінде аса сергек, қайықтай қалтылдаған сәтте салмақты сөз айта білетін саясаткер азамат. Осы жағдайға да қазақ айтатын «қос ат мініп қуғандай» болған білім мен табиғи білігі арқылы келгені ақиқат.

ҚазМУ-ді сонау 1993 жылы үздік дипломмен бітірісімен осы оқу ордасында ғылыми қызметкер ретінде қалдырылды. Ол университет тарихында тұңғыш рет жарық көрген «ҚазҰУ хабаршысы» журналының алғашқы редакторы да болды.

Ол бір қоғам қояншық ұрғандай аласапыран кез еді...

Еліміз жаңа ғана тәуелсіздікке қол жеткізіп, оң-солын тани алмай абдырап, жұрт ертеңгі күніміз қалай болар екен деп, үміті солғын, үрейі күшті уақыт болатын. Сол кезде саясаттану мен жаңа тарихтан дәріс оқыған жап-жас лектор Зулфухар Сұлтанұлы қуыс көкіректерге сәуле құйып, сергелдең жүректерге имани сезім үйіріп, алдында көздері мөлдіреп отырған қазақ баласының келешегіне сенім ұялатқан-ды. Бүгінде оның бәрі де түс сияқты... Ол – сол уақта болмашы жалақыға қызмет істеп, жас та болса жаңа шаңырақ көтерген отбасы қиыншылығына барынша шыдап, ғылым мен ұстаздыққа адалдығынан айнымаған санаулы азаматтардың бірі де бірегейі.

Білімі мен білігі жарасқан жас азамат сүйікті университетінің қабырғасында жүріп, «Философия және саясаттану» факультетінде жауапты қызметтер атқарып, жастардың ғылыми шығармашылығына жол ашып, болашақ ғалымдардың жолын айқындауға көмектесті. «Жас ғалымдар кеңесін» басқарды, «Ғылыми кеңестің» белсенді мүшесі болды.

Міне, өмір баспалдақтарында ол осылайша шарболаттай шыңдала түсті. Тумысынан парасаттылық бойына біткен Зулфухар Сұлтанұлы факультеттің «Оқу ісі жөніндегі деканның орынбасары» қызметі мен ұстаздық міндетін қатар атқара түсіп, ғылыми ортада өзінің ғалымдық дарынына да уақыт таба білді. Ғылыми ізденісін де өрістете берді.

Еліміздің тарихында ерекше орын алатын, Қазақ ССРнің алғашқы Сыртқы істер министрі болған Төлеген Тәжібаевтың саяси қызметіне арналған кандидаттық диссертациясын жазды. 1999 жылы оны сәтті қорғап шықты.

> Еңбекпен өткен тағдыр жолы талмай ізденуден, парасатты білік пен терең білімнен құралыпты. Қаршадай кезінен ілім-білім қусам деген қайратты досым Зүкең – Зулфухар Сұлтанұлы сол межеден бір мысқал түспепті. Ғылым көкжиегінде іргелі ізін қалдырып, тарих пен саясаттану саласында сындарлы соқпағын салып келеді

Уақыт деген – құр аттай жүйірік қой, бедері мен белгісі санадан тез шайылып кететін бір ғайып құбылыс. Көзді ашып-жұмғанша сағым жылдар сусып өте шығады, қалай өтіп кеткенін аңғармай да қаласың... Сынаптай аққан сол уақыттың жалынан уыстап үлгермесең, бәрі де кеш болады. Зулфухар да мұны бек түйсінетін. Тіршілік ағымындағы күйбең тірлік мойын бұрғызбайын десе де, қабақ шытпастан қызметтің қиюын келтіріп жүрді. Әлі күнге сол бетінен тайған да, тайсалған да, қажыған да емес.

Ағынды судай сырғып, қазақ қоғамы жаһандану атты аждаһаның көмейіне жұтылмаудың қамына кірісіп, жанталаса ел болуды ойлап жатқаны ғалым азаматтың сана сүзгісінен сүзіліп өтіп жатты. Сондықтан да ол жаһандану дәуірінің күрделі қырларын терең интуиция биігінен зерделеп, саяси ғылымдар бойынша докторлық диссертация қорғап, ғылым биігіне бет бұра көтерілді. Бұл меже де өмір өлкесінде алынған биік асу еді.

Зулфухар достың еңбек жолы – жастарға үлгі боларлық тәрбиелігі зор, тағылымы мол жол. Оны республикамыздың Білім және ғылым министрлігіне тегін шақырмады. 2010-2013 жылдары аралығында Білім және ғылым министрлігіне қарасты «Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті» төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Бұл – білім мен ғылым саласындағы реформалар мен дамудың бел ортасында белсене еңбек етіп, байыппен білігін танытқан жылдар болды. Жауапты қызметті абыроймен атқарды.

2013 жылдан 2022 жылға дейін Астанадағы тарихы ғасырдан асқан «Көлік және коммуникация колледжінің» директоры ретінде қызмет қылды. Мұнда бай тәжірибесін тағылымдай отырып, колледж қабырғасындағы білім беру ісінде елеулі жетістіктерге қол жеткізді. Оның басқаруымен колледж сапалы мамандар даярлайтын ең беделді оқу орнының біріне айналды. Зулфухар Сұлтанұлы бастамаларын колледж коллективі әлі күнге дейін ілтипатпен жалғастырып келеді.

Зүкең досым қоғамдағы күрделі мәселелерге келгенде үнемі өз сөзін айтып, айқай-шусыз араласып, белсенді де пәрменді азамат екендігін танытып келе жатыр. Оны жоғары билік орындары да байқап, Зулфухар Сұлтанұлын қоғамдық қызметке барынша тартып отырады.

Ол 2016 жылы он алтыншы шақырылымдағы Астана қаласы мәслихатының депутаты болып сайланып, ел мүддесі үшін белсенді қызмет етті. Сол жылдарда қаланың іргесіндегі Көктал I, Көктал II шағын аудандарында жол мен инфрақұрылым мәселесіне қатысты жөндеу жұмыстары қарқынды жүрді. Мөлтек аудан ішіндегі жолдарға түгелдей асфальт төселуіне, орталық кәріз жүйесі мен орталық су құбырының қосылуына себепкер болды. Мекенжайдағы заманауи орта мектептің жанынан қосымша ғимараттың салынуына, тұрғын алқапта шағын емдеу орталығының ашылуына және халық демалатын үлкен саябақтың бой көтеруіне мұрындық болып, ел-жұрттың алғысына бөленіп, қарашамен тығыз қарым-қатынаста еңбек етті. Осы еңбектері қоғам мен билік тарапынан жоғары бағаланып «Құрмет», «Парасат» ордендерімен марапатталды.

Ал 2019 жылдан бері Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып, қоғамдық диалогтың, халық пен билік арасындағы алтын көпірдің берік болуына аянбай еңбек қызмет етіп келеді. Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселесіне үзбей атсалысып жүр.

2022 жылдан бастап ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтайдың мүшесі атанды. Зүкең – Құрылтайдағы Білім және ғылым жөніндегі комиссияның белсенді мүшесі ретінде, еліміздегі азаматтық қоғам мен білім- ғылым саласының дамуы бойынша өзінің азаматтық көзқарасын ашық білдіріп жүрген азамат. Бурабай кентінде өткен IV Ұлттық Құрылтай отырысында да Зүкеңнің берген тұшымды ұсыныстарына Мемлекет басшысы көңіл аударып, өзінің қолдау пікірін қадап айтты. Ал дәл қазіргі уақытта – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік саясат пен қоғамдық қатынастар орталығының директоры қызметін абыроймен атқарып келеді.

Көкорай Қасқасудан бозбала шағында арманын аққуға балап аттанған Зулфухар досым бүгінде Ақсу-Жабалығының әсем шыңдарын оймен шолып, қиялмен қияларды кезіп, жер арқасы Сары-Арқа сүбесінде табанын нық басады. Қасында Жайықтың үр сұлуы, ғалым жары Айман Мақсотқызымен бірге қолтықтасып, немерелерін Есіл бойында қайықпен қыдыртып, шаңқай түсте Астана самалымен еркін тыныстайды.

Ғанибет, досым, ақжал толқынды өмір айдынында зұлпықардай жарқылдап жүзе бер!..

Асқар АЛТАЙ,
жазушы

> 2022 жылдан бастап ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық Құрылтайдың мүшесі атанды. Зүкең – Құрылтайдағы Білім және ғылым жөніндегі комиссияның белсенді мүшесі ретінде, еліміздегі азаматтық қоғам мен білім-ғылым саласының дамуы бойынша өзінің азаматтық көзқарасын ашық білдіріп жүрген азамат

№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі

НОМОФОБИЯ

НЕМЕСЕ ЦИФРЛЫҚ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Қазақстанда 4,1 миллионнан астам оқушы бар. Отандық офтальмолог-дәрігерлер мектеп оқушыларының 70-80 пайызының көру қабілеті төмен екенін анықтады. Бұл – ұлт саулығы мен білім сапасына тікелей әсер ететін фактор. Осы көрсеткішпен көп ұзамай жапон, кәріс ұлтын қуып жетеміз.

Төлен ТІЛЕУБАЙ



Балалар арасында көз ауруларының белең алуына көзге түсетін салмақтың көбеюі себеп болып отыр. Көз аурулары туа бітті және жүре келе пайда болады. Статистикаға үңілсек, еліміздегі әрбір бесінші бала алыстан көре алмайды (миопия). Жуырда British Journal of Ophthalmology журналында жарық көрген зерттеу авторлары 2050 жылға қарай бірнеше миллиондаған бала миопияға шалдығады деген деректі жария етті. Әсіресе, Азия елдеріндегі көрсеткіш алаңдатады: Жапонияда балалардың 85 пайызында, Оңтүстік Кореяда 73 пайызында, Қытайда 41 пайызында миопия бар. Ұлыбритания мен АҚШ-та бұл көрсеткіш – 15 пайыз, ал Парагвай мен Угандада – 1 пайыз. Балалар 7-8 жаста мектепке баратын Африка елдерінде миопия аз кездеседі. Зерттеуге алты құрлықтағы 50 елде тұратын 5 миллион бала қатысқан.

Жоғарыда тек көзге қатысты ғана мәліметті келтірдік. Кіндігі гаджетке «байланып» туатын бүгінгі Z ұрпақтың смартфонды ұзақ ұстауы салдарынан көру ғана емес, сөйлеу, есту, есте сақтау, ойлау қабілеті нашарлап барады. Дүниеге келе сала планшетпен немесе телефонмен өскен бала айналасына назар аудармайды. Себебі оған жылаған кезде анасы өз омырауын немесе емізік емес, смартфон берген. Ондағы радиотолқындар миының тектоникасын зақымдайды. Баланың бас сүйегі ересектерге қарағанда жұқа, миы көп су сақтайды, сондықтан микротолқындарды көбірек сіңіреді. Сол сәтте қатты соққы алған мидың қызметі бұзылып, тілі кеш шығады. Мұндай бала айналасындағы адамдарға енжар, икемсіз, құлықсыз болып өседі. Ең қорқыныштысы – гаджетті қолдану кезінде баланың ағзасында дофамин (рахат гормоны) көп түзіліп, ол тәуелділік туғызады.

МЕКТЕПТЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Жақында Оңтүстік Корея Парламенті мектепте смартфон ұстауды шектейтін заң қабылдады. Бұл талап 2026 жылдың наурызынан бастап қолданысқа енеді. Мұғалімдер оқушылардың сабақ үстінде ғана емес, мектеп ғимаратында да телефон пайдалануына тыйым сала алады. Тек ерекше қажеттіліктері бар балаларға, білім беру мақсатында немесе төтенше жағдай кезінде телефон қолдануға рұқсат беріледі. Франция үкіметі сабақта оқушыларға смартфон ұстауға тыйым салатын ережені 2018 жылы бекітті. 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап оқушылар мектепке кіргенде телефондарын өткізуді міндеттейтін талап енгізілді. Жаңа әдіс жүздеген мектепте сынақтан өткізіліпті. Соның нәтижесінде гаджеттен оқшауланған оқушылардың денсаулығы дұрысталып, бір-бірімен жақын араласып, мектептегі зорлық-зомбылық азайған. Осы елде 11 жасқа дейінгі балаларға смартфон ұстауға тыйым салынған. Президент жанынан құрылған комиссия 13 жасқа дейінгі оқушылар үшін интернет байланысы жоқ батырмалы телефондарға ғана рұқсат беруді ұсынғаны мәлім.

Бразилия Президенті биыл 13 қаңтарда балабақшаларда, мектептерде смартфон пайдалануға тыйым салатын заңға қол қойды. Телефонды сабақ үстінде де, үзіліс кезінде де ұстауға болмайды. Оларды арнаулы сөреге қойып, бекітіп қояды. Бірақ мұғалімнің рұқсатымен білім алу және қауіпсіздік мақсатында пайдалануға рұқсат бар. Ал Қазақстанда былтыр оқушыларға сабақ үстінде смартфон пайдалануға тыйым салатын заң қабылданды. Бірақ тек сабақ уақытында телефонға телміруге болмайды. Ал үзіліс кезінде қалтадағы құрылғыны қолдану-қолданбау – әр оқушының өз еркінде. Смартфонды қолдану-қолданбау, мектеп ғимаратына алып кіру-алып кірмеу деген мәселені мектеп басшылығы өзі шешеді. Тек елордамыздағы бір-екі мектеп қана цифрлық тәуелділіктен қорғанудың жолын таңдады.

НОМОФОБИЯ – ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДІҢ ҚАУПІ

Дүйім жұрт телефонға телмірген заманда номофобия деген қауіптің жаңа түрі пайда болды. «no mobile phone phobia» – «ұялы телефоннан айрылып қаламын ба деген қорқыныш» деген қалыптасқан сөздің қысқаша атауы. Кейбір зерттеуші-ғалымдар мұндай жүйке жүйесінің бұзылуын герпетофобия (жыланнан қорқу), арахнофобия (шаяннан қорқу), биікке шығудан қорқу, шектеулі кеңістіктен үрейлену сияқты фобиялармен қатар қояды. Өйткені номофобиямен ауыратын адамдардың да бойында жүйкенің дірілі, қатты терлеу, тыныс алудың қиындауы, жедел ашушаңдыққа бой алдыру сияқты дерттің белгілері байқалады.

2023 жылы Канада мен Бахрейн ғалымдарының бірлескен зерттеуінің қорытындысы шығып, сарапшылар адамдардың гаджеттің құлы болып, номофобияның жаһандық мәселеге айналғанын жазды. Осы зерттеуге қатысқан 12,5 мың адамның 71 пайызы бірыңғай номофобияның белгілерін өз бойларынан байқағанын, ал 21 пайызы қуатты номофобияның тасқынынан зор күйзеліске ұшырайтынын ашық айтыпты. Әсіресе, мектеп оқушылары, колледж және жоғары оқу орындарының студенттері номофобия деген құбыжықтың алақанында қалып қойған. Тіпті, Айова университетінің ғалымдары номофобияның деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін диагностика әдісін ойлап тапты. Негізгі 20 сұраққа дұрыс, ашық жауап берген адам өзінің қаншалықты номофоб екенін біледі.

ИНТЕРНЕТТЕ НЕШЕ САҒАТ ОТЫРУҒА БОЛАДЫ?


Әр адам қазір күн сайын кем дегенде 3-5 сағат смартфонына телміреді. Бонн университетінің ғалымдары жүргізген зерттеудің нәтижесі осындай. Әлбетте, мұндай цифрлық тәуелділіктің денсаулығымызға, өмір сүру дағдымызға кері әсер ететіні анық. Виртуалды қарым-қатынастың шектен шығуы адамдарды шынайы өмірден алыстатқаны өз алдына, тіпті ол депрессия мен эмоционалдық тұрғыдан жүйкені тоздыру синдромына шалдықтырады. Сол себептен психологтар әр адамға аптасына бір рет digital detox жасап тұруға кеңес береді. Яғни, аптаның бір күнін смартфонсыз өткізу деген сөз. Әсіресе, ұйқыға жатарда телефонды өшіріп, басқа бөлмеге апарып тастау бәрінен маңызды. Өйткені бәріміз күн сайын ұйқыға жатарда немесе ұйқыдан ояна сала көзімізді сығырайтып смартфонды қосып, мессенджерлерге кіреміз.

> **Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> «Біздің қоғам қазір бетпе-бет келген көптеген мәселе мен кеселдің түп-тамыры ата-аналардың бала тәрбиесіне салғырт қарауынан басталады. Ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналды. Заманауи технологиялар дамуға даңғыл жол ашады, сондай-ақ өмірімізге айтарлықтай қауіп те төндіреді. Танымал әлеуметтік желілер балаларды ғана емес, үлкендерді де зомбиге айналдыруы мүмкін. Ата-аналар балаларының тәрбиесін мемлекетке немесе мектепке ысыра салмауы керек. Гаджеттердің құрсауында қалдыруға тіпті болмайды. Балаларына цифрлық гигиенаның қарапайым ережелерін үйретуге ата-ана жауапты. Ұл-қыздарымызға көңіл бөлу, бірге уақыт өткізу, оларды алаңдатқан мәселелер жайында әңгімелесу маңызды».
>
> *(Мемлекет басшысының барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумындағы сөйлеген сөзі)*

Ресейлік медициналық орталықтың психологы Валерия Мощняцкая өкінішке қарай, номофобия – цифрлық тәуелділіктің көп түрлерінің бірі екенін айтады. «Кез келген тәуелділік сияқты, ол адамның бойында үрей туғызып, соматикалық дене күйінің бұзылуына (бас ауырады, ұйқы қашады, ағза шаршайды, теріге бөртпе шығады, ас қорыту бұзылады, сексуалдық қызығушылық жойылады) әкеліп соғады. Мысалы, АҚШ-та 2012 жылы мұндай диагноздан тұрғындардың 77 пайызы зардап шексе, 2020 жылы бұл көрсеткіш 90 пайызға жетті. Адамның өзінің қалтасындағы ұялы телефонынан айрылмай жүргенінен ешқандай қауіп жоқ сияқты көрінеді. Алайда оған тәуелділік барлық жағынан өнімділіктің, белсенділіктің төмендеуіне әкеледі. Адамның ментальдық ахуалы нашарлап, қолындағы телефонымен өз өміріне қауіп төне бастайды. Мысалы, автокөліктің рөлінде отырып телефонын шұқылайды, бағдаршамнан өткенде де құрылғыдан көзін алмайды» дейді ол.

Неміс психологы Джейн Макгонигал технологияларды қолдану әрқайсымызға қуаныш пен қанағаттанарлық көңіл-күй сыйлағанның орнына қауіп пен тәуелділіктің қайнар көзі болып отырғанына қынжылады. «Бұл жердегі ең күрделі мәселе – кәмелет жасына толмағандардың гаджеттерге тәуелділігі. Американдық ғалымдар жуырда мынадай жаңалық ашты: күн сайын смартфоннан кем дегенде 2 сағат бейнежазба көрген 3 жасқа дейінгі балалардың сөздік қоры нашар қалыптасады. Бұл экспериментке 300 ата-ана қатысты. Зерттеуден анықталғанындай, әр бала бейнежазбаны көп көрген сайын, тілі де кеш шыққан, есту мен қабылдау қабілеті нашар дамыған» дейді ол.

АҚШ ғалымдары балалардың және ересектердің күн сайын қанша сағат интернетте отыруға болатынын есептеп көрген. Олар 3 жасқа толмаған баланың қолына ешқандай смартфон беруге болмайтынын айтады. Ал 3-6 жас аралығындағы балаларға күніне әр кетсе 40 минут-1 сағат уақыт ұстатуға болады. Ересектерге де цифрлық құрылғыларды көру уақыты көп емес: 4-5 сағат. Қазіргі кезде смартфонға тәуелділікті есірткіге тәуелділікпен бір қатарға қоюға болады. Өйткені ғылымда дәлелденгендей бар ой-санасымен смартфонға «кіріп кеткен» адамның ми қауашағы есірткі тұтынушылар мен виртуалды ойындарға тәуелділердің зардап шегетініндей белсенді күйге түседі. Бұл күй біздің күнделікті әдетіміздің қаншалықты қаупі барын ойлануға жетелейді. Әлбетте, смартфонның өзі – бүгінгі таңда өмірімізді жеңілдеткен, ілім-білімге жол ашқан қуатты құрал екені даусыз. Бірақ, кез келген құралдың пайдасы оны қалай қолдануға байланысты. Номофобия деген бәледен аулақ болайын десеңіз, күн сайын үйде я болмаса жұмыс орнында телефоныңызды 1 сағатқа өшіріп, айналаңыздағы басқа нәрселерге көңіл бөліңіз. Онсыз да өміріңіз шуақты, шырайлы екенін сезінесіз. Сол да жетерлік.



№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ

Қоғамда құқықтық көмек көрсетуге, «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілетуге қатысты біршама жұмыс жүргізілуде. Осы орайда қала тұрғындарына көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы кеңірек түсіндіру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің басшысы Берік БАЙСЕЙІТОВ қысқаша сұхбат берген еді.



– Бүгінде қалалықтарға қажетті қандай қызметтер қолжетімді?

– Өздеріңізге белгілі, жұмысқа орналасу кезінде, мемлекет аумағынан шығу немесе шетелге баруға рұқсат алу барысында соттылығының бар немесе жоқ екенін дәлелдейтін анықтама талап етіледі. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама» электронды форматта беріледі, себебі Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес келетін электронды құжаттың қағаз құжатпен бірдей заңды күші бар. Алайда шетелге шығу үшін бұл анықтама қағаз түрінде қажет. Аталған мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды тапсыру, өтініш беру және нәтижесін алу процестері www.egov.kz «электрондық үкімет» веб порталы және оның мобильді қосымшасы – «eGov mobile» арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар қызметті «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – ХҚКО) филиалдары (бөлімшелері) арқылы да алуға болады.

– «eGov mobile» қосымшасы арқылы қызмет алу өте ыңғайлы әрі жылдам. Бұл анықтаманы алу үшін қызмет алу тәртібі қалай жүзеге асады?

– Қазір көптеген қызмет халыққа қолжетімді. Егер осы қызметті таңдасаңыз, мына үлгіде әрекет ете аласыз:

1. Қосымшаның «Қызметтер» бөлімін таңдаңыз;

2. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» қызметін таңдаңыз;

3. «Өзіңізге» немесе анықтама кәмелетке толмаған балаларыңызға қажет болса, «Балаңызға» екенін көрсетіңіз;

4. Анықтама алу мақсатын көрсетіңіз:

* Егер жұмысқа орналасу немесе мемлекеттік органға тапсыру үшін қажет болса, «Анықтама (электронды нысанда)» таңдаңыз. Электронды нысандағы анықтама «eGov mobile» қосымшасында» «Хабарламалар» бөліміне түседі.

* Шетелге шығу үшін қажет болса, «Шет елге шығу үшін анықтама» таңдаңыз.

* Егер шетелге шығу үшін және анықтаманы талап етуші шетел мемлекеті Гаага конвенциясына (1961 ж.) қосылған жағдайда, «Шет елге апостильмен шығуға арналған анықтаманы» таңдаңыз. Ресми құжаттарға апостиль қою үшін мемлекеттік баж 0,5 АЕК құрайды, яғни әрбір құжат үшін 2024 жылы 19666 теңге алынады.

5. Қызмет алушы жақын орналасқан ХҚКО филиалын таңдап, дайын анықтаманы қағаз түрінде алып кете алады. ХҚКО арқылы қызмет алу кезінде төмендегідей құжаттар қажет:

* Жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік немесе паспорт);

* Анықтама беру туралы арыз;

* Нотариалды куәландырылған сенімхат (егер өтінішті басқа адам берсе);

* Егер аты-жөні немесе туған күні өзгерсе, осы мәліметтерді растайтын құжаттар.

Қызмет алушы өтінімді тапсырғаннан кейін, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті 10 минут ішінде анықтама береді, ал қосымша тексерулер қажет болған жағдайда, 5 жұмыс күні ішінде қарастырады.

Бұрын қылмыстық жауапкершілікке тартылған, бірақ соттылығы өтелген немесе алынып тасталған және оларға қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған азаматтар «Соттылығы жоқ» жазбасымен таза анықтама алады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаменті кәмелеттік жасқа толмаған азаматтарға анықтама алу олардың заңды өкілдерімен (ата-анасы) немесе сенімхат арқылы жүзеге асатынын түсіндіреді.

– Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес азаматтық қызмет және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне (мемлекеттік компаниялар, ұлттық холдингтер) жұмысқа орналасу үшін «адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет» талап етіледі. Бұрын бұл мәлімет «eOtinish» сервисімен мемлекеттік органдарға өтініш беру арқылы қолжетімді болған еді, қазір қандай өзгеріс бар?

– Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметін адамның/азаматтың сұрауы бойынша тек қана электронды түрде www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы және «eGov mobile» мобильді қосымшасымен ұсынады. Аталған қосымшада «Қызметтер» бөлімінде «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәлімет беру» қызметіне өтіп, «Қол қоюға өту» арқылы сұрау салынады. Қызмет көрсетудің мерзімі – 10 минут, қосымша тексерулер жүргізілген жағдайда – 5 жұмыс күні. Сонымен қатар «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті жүзеге асыратын толық автоматтандырылмаған қызмет. Аталған мемлекеттік қызметті ХҚКО арқылы және «Бір өтініш» қағидаты аясында «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметін алу кезінде www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы алуға болады. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қызмет алушыдан жеке басты куәландыратын құжат, арнайы толтырылған арыз, мемлекеттік бажды (0,5 АЕК – 1966 теңге) төлегені туралы түбіртек талап етіледі. Мемлекеттік қызмет 5 жұмыс күні ішінде қаралып, нәтижесі қызмет алушыға табысталады.

– Тағы бір маңызды қызмет – «Архивтік анықтамаларды беру» және өтініштерді қабылдау. Ол да ХҚКО, «электрондық үкімет» веб-порталы және «eGov mobile» қосымшасы арқылы жүзеге асырылатын болғанын хабарлағымыз келеді.

– Архивтік анықтаманы дайындау – 8 жұмыс күні. Бұл мемлекеттік қызметке сұрау салу кезінде туыстарға қатысты ақпарат алу үшін туыстық байланыстарын, дәрежесін растайтын құжаттар немесе қызмет алушының мүддесін басқа адам білдірген кезде нотариалды түрде куәландырылған сенімхат талап етіледі. Сонымен қатар көрсетілетін қызметті алушы 1940 жылдың 1 қаңтарында он алты жасқа толмаған адамға сұрау салу жіберген кезде, сұрау салынған адамның ата-анасының деректерін көрсету керектігін түсіндіреміз. Бұл қызмет «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті мен оның аумақтық органдары архивтерінің шегінде архивтік анықтамаларды және/немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру» сынды мемлекеттік қызметтердің қатарына кіреді.

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС

Елорда прокуратурасы мен Білім басқармасының бірлесе ұйымдастыруымен «Астана есірткіге қарсы» айлығы басталды. Шара бір ай көлемінде қаладағы барлық білім беру ұйымдарын қамтиды.

ЕСІРТКІНІҢ ЗИЯНЫН ТҮСІНДІРДІ



Райхан РАХМЕТОВА


Айлықтың негізгі мақсаты – жастар арасында нашақорлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау, интернет кеңістігінде есірткі жарнамасының жолын кесу және кибербуллингтен қорғау бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізу. Осыған орай түрлі кездесулер, дәрістер, әңгімелер мен интерактивті іс-шаралар ұйымдастырылуда. Сейсенбі күні қаладағы бес аудандағы мектептерде оқушылармен арнайы кездесулер өтті. Оған прокуратура мен білім саласының өкілдері қатысып, оқушыларға зиянды әдеттердің салдары мен одан сақтанудың жолдарын жан-жақты түсіндірді. Сонымен қатар интернеттегі қауіпті контентке қарсы күрес жүргізудің маңызы түсіндіріліп, киберқауіпсіздік ережелері талқыланды. Мамандардың айтуынша, мұндай іс-шаралар жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың өмірлік ұстанымдарын дұрыс қалыптастыруға ықпал етеді.

– Біздің мектеп халық тығыз орналасқан ауданда орналасқандықтан, мұндай алдын алу шараларының маңызы ерекше. Бүгінгі жиында жоғары сынып оқушыларына тек нашақорлықтан сақтанудың жолдары ғана емес, сонымен бірге киберқауіпсіздік ережелері де түсіндірілді. Балалар өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, мамандардан нақты жауап алды. Осындай кездесулер жасөспірімдердің саналы таңдау жасауына және қауіпсіз өмір сүруіне ықпал етеді деп ойлаймын, – дейді Астана қаласының №107 жалпы орта мектебінің директоры Айгүл Базарбайқызы.

«Астана есірткіге қарсы» айлығы алдағы уақытта басқа да мектептерде жалғасып, жастардың салауатты әрі қауіпсіз өмір салтын ұстануына бағытталған түрлі іс-шаралармен толықтырылады.

МАС ЖҮРГІЗУШІ ҚАЙТА ҰСТАЛДЫ

Елордада «Қауіпсіз жол» жедел-алдын алу іс-шарасы кезінде полиция қызметкерлері А.Затаевич көшесінде «Renault» маркалы автокөлікті тоқтатты.



Медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес, рөлде отырған 32 жастағы азаматтың алкогольдік мас күйінде болғаны анықталды. Сонымен қатар, оның 2023 жылы сот шешімімен 7 жылға көлік құралын басқару құқығынан айырылғаны белгілі болды. Соған қарамастан, азамат заңды елемей, көлік тізгініне қайта отырған.

Аталған автокөлік айыппұл тұрағына қойылды. Жүргізушіге қатысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес шаралар қабылдануда.

Астана қалалық Полиция департаменті азаматтарға мас күйінде көлік жүргізу – ауыр зардаптарға әкелетін құқық бұзушылық екенін ескертеді. Бұл өз өміріңізге ғана емес, айналаңыздағы адамдардың да қауіпсіздігіне тікелей қатер төндіреді. Сондықтан жол ережелерін қатаң сақтап, көлік басқару кезінде заңға қайшы әрекеттерге жол бермеу қажет.

АККУМУЛЯТОР ҰРЛЫҒЫН ӘШКЕРЕЛЕДІ

Астана қаласында Сарыарқа аудандық криминалдық полиция басқармасының қызметкерлері жедел-іздестіру іс-шаралары барысында автокөлік ұрлығына қатысы бар азаматты қолға түсірді.



Тексеру барысында 41 жастағы ер адамның таңғы сағат 06:00 шамасында тұрғындар ұйықтап жатқан сәтті пайдаланып, жеке үйлердің жанында тұрған автокраннан аккумуляторды шешіп алғаны анықталды. Кейін ол ұрланған затты металл қабылдау пунктіне өткізіп жіберген.

Қазіргі уақытта күдікті Уақытша ұстау изоляторына қамалды. Ол өз кінәсін толық мойындап отыр. Аталған дерек бойынша қылмыстық іс қозғалып, тиісті тергеу амалдары жүргізілуде.

Полиция азаматтарды автокөліктерін қараусыз қалдырмауға, аула мен жеке аумақтарда бейнебақылау құралдарын орнатуға және сақтық шараларын қатаң сақтауға шақырады. Қырағылық пен сақтық – қылмыстың алдын алудың негізгі кепілі.

№113 (4857) 25/09/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ

29 ҚЫРКҮЙЕК

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан».
6:45 «Таза Қазақстан». Арнайы жоба.
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Кек жолында». Телехикая.
12:10 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».
13:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
13:55 «Мүдде»
14:10 «Ақжауын». Телехикая.
15:10 «Мерейлі отбасы»
15:25 «Әндер мен жылдар».
15:50 «Бақыттың кілті». Телехикая.
17:20 «Тапқыр отбасы».
18:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:30 «ҰНАЙДЫ МАҒАН». Күнделік
20:35 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:25 «АҚЖАУЫН». Телехикая.
22:25 «ҮНСІЗ КҮРЕС». Телехикая.
23:20 «1001 ТҮН».
0:20 «Қазір айтайық».
1:50 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
2:50 «Тапқыр отбасы».
3:35 «Ашық алаң».
4:25 «Таза Қазақстан». Арнайы жоба.
4:35 «Теледәрігер».




05:00 “Дүлдүлдер дүбірі”
06:00 Телехикая. “Пәленшеевтер”
07:00 “Оян!”
08:35 Глобальные события
10:30 “Белка и стрелка. Тайны космоса”
11:00 “Бегом за деньгами”
12:00 Телехикая “Ар алдында”
13:45 Телехикая “Келінжан 6”
14:30 Жаңалықтар
14:40 Жұмыр жер
15:10 Хақың бар
15:30 Айтыс айнасы
16:00 Телесериал
18:30 Пульс планеты
19:00 Жер-жаһан
19:30 Жаңалықтар
20:00 Телехикая “Ар алдында”
21:45 Телехикая “Келінжан 6”
22:40 “КешREC”
23:40 Телесериал
01:40 Телесериал. “Перекресток”

ASTANA TV

06.00 «100% махаббат» телехикаясы
06.50 «У каждого своя ложь» телесериал
07.50 «Сен келерсің» телехикаясы
09.00 «Осман 6» телехикаясы
10.30 «Ана» телехикаясы
12.00 «Уздік әндер»
14.20 «Громовы» телесериал
16.45 «У каждого своя ложь» телесериал
17.50 «Зу-Зу Күлпаш 3» телехикаясы
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Ана» телехикаясы
21.00 «Осман 6» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
00.00 «Сен келерсің» телехикаясы
01.10 «Нюхач-4» телесериал
02.20 «Громовы» телесериал



6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «КТО Я». Многосерийный фильм
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 Многосерийный фильм
1:10 «УБОЙНАЯ СИЛА 6»
2:40 «П@UTINA» бағдарламасы
3:45 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы



7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
7:35 “ӨКІНБЕ СЕН”, өзбек телехикаясы.
9:20 “БИТВА ЭКСТРАСЕНСОВ”
14:00 “ПОЦЕЛУЙ”, мелодрама
16:20 “КОЛЬЦО С РУБИНОМ”, мелодрама
18:40 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 “ТВЕРСКАЯ”, криминальная драма.
0:00 “РЕВАНШ”
2:30 “БЕССМЕРТНИК”, мелодрама
4:10 “КОЛЬЦО С РУБИНОМ”
4:55 “ӨКІНБЕ СЕН”
5:55 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)



06:00 «Әзіл студио»
06:30 «TikTok show»
07:00 «Time Vine»
07:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:00 «Күліп All» ойын-сауық бағдарламасы
09:40 «Пингвины Мадагаскара»
10:40 Мультсериал
